

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

АНО «Содружество народов Евразии»  
НИИ истории и этнографии  
Южного Урала Оренбургского государственного университета



ТМД 25 жылдығына арналған  
«РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ» атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**ЖИНАҒЫ**

9 желтоқсан 2016 ж.



**СБОРНИК**

международной научно-теоретической конференции

«ГУМАНИТАРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

РОССИИ И КАЗАХСТАНА»,

посвященной 25-летию СНГ

9 декабря 2016 г.

Алматы, 2016

**Председатель редакционной коллегии**

**Г.М. Мутанов** – доктор технических наук, академик, ректор  
Казахского национального университета имени аль-Фараби

**Члены редколлегии:**

проректор по научно-инновационной деятельности профессор **Т.С. Рамазанов**  
декан факультета истории, археологии и этнологии, к.и.н., доцент **М.С. Ногайбаева**  
зав.кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения, д.и.н., профессор  
**Г.С. Султангалиева**

**Ответственный редактор**

зав.кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения  
КазНУ имени аль-Фараби д.и.н., профессор **Г.С. Султангалиева**

**Члены оргкомитета:**

аведующего кафедрой всемирной истории, историографии и источниковедения по научно-инновационной  
деятельности и международному сотрудничеству  
**Суйнова А.Т.**

**Сборник** международной научно-теоретической конференции  
«Гумани-тарное сотрудничество России и Казахстана», посвященной 25-  
летию СНГ. 9 декабря 2016 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 144 с.  
**ISBN 978-601-04-2528-6**

## МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<b>Zhumagulov K.T.</b> Materials of Vatican Apostolic Library on early history of Eurasia.....	3
<b>Султангалиева Г.С.</b> Роль учебных заведений Оренбурга в подготовке казахских чиновников первой половины XIX в. ....	6
<b>Амелин В. В.</b> Интеграционные процессы на евразийском пространстве.....	9
<b>Комлев Ю.Э.</b> Музейная культура как фактор взаимодействия и сотрудничества России и Казахстана.....	11
<b>Алимбаева Б.Б.</b> Взаимоотношения и взаимовлияние казахского и русского народов Оренбургского края в XVIII – XIX вв.....	14
<b>Моргунов К. А.</b> Казахи Оренбуржья в послевоенный период: этапы этнокультурного развития.....	18
<b>Аманжолова Д. А.</b> Оренбург и становление Советского Казахстана.....	26
<b>Йотов В.</b> Стремения степей и стремения Византии (VII-XII вв.).....	29
<b>Asylbekova Zh. M.-A., Zhandybaeva S.S.</b> Cooperation of Kazakhstan and the United States in maintaining peace and stability in Central Asia.....	32
<b>Fabio L. Grassi</b> Some aspects of Central Asian history: past and present.....	34
<b>Prof. Dr . M. Meier</b> Über Forschungen zur Spätantike und zum Frühmittelalter.....	36
<b>Кожакеева Л.Т.</b> Урбанизационные процессы в современном мире.....	38
<b>Мәшімбаев С.М.</b> Орынбор генерал-губернаторы И.И. Неплюев және Әбілқайыр хан арасындағы қарым-қатынас.....	42
<b>Asylbekova Zh. M.-A., Zhandybaeva S.S.</b> Kazakhstan's experience in the fight against terrorism in the future global development and partner entrance of the Republic of Kazakhstan into the world community.....	45
<b>Мухатова О.Х.</b> Архивтанушы мамандарды даярлаудағы интеграциялық байланыс.....	47
<b>Төлебаев Т.Ә.</b> Ұлы Жібек жолы тарихнамасынан.....	50
<b>Жаркынбаева Р.С.</b> Развитие системы образования Туркменистана за годы независимости.....	56
<b>Мұхатова О. Х.</b> Қазақстан тарихы мәселелерінің шет елдік тарихнамалардан көрініс табуы.....	60
<b>Қалыш А.Б.</b> Қазақстандағы нежелердің жасы мен ұзақтылығы бойынша ажырасулар көрсеткіштері.....	64
<b>Жакишева С.А.</b> Применение новых информационных технологий обработки документального материала на занятиях по дисциплине «История стран СНГ.....	68
<b>Сабденова Г.Е.</b> Мемлекеттік бағдарламалар аясындағы тарихи таным.....	71
<b>Беделова Г.С.</b> XIII ғ. Еуропа мен Азия байланыстары жөнінде кейбір деректер.....	75
<b>Мырзабекова Р.С.</b> Қазақстан Республикасы мен Түркияның қазіргі таңдағы саяси ұстанымдарындағы ұқсастықтар.....	78
<b>Садықова Р.О.</b> Қазіргі таңдағы Жапония мен Орталық Азия байланыстарының дамуы.....	82
<b>Мухажанова Т.Н.</b> YI-X ғғ. Шығыс Еуропаны билеген түркілер тарихынан.....	86
<b>Абдимомынов Н.Т.</b> Алтын Орданың Батыс елдерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастары.....	90

қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында Жапонияның сыртқы саяси бағыттарында Орталық Азия мен Кавказ елдері сияқты жаңа бағыттар пайда болды. Әсіресе, соңғы кездері Жапонияның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастары белсенді дамып отыр. Жапонияның сыртқы істер министрі атап өткендей, Жапонияның Орталық Азияда мүддесі жоғары болып отыр [7]. Сондықтан да Орталық Азия аумағы географиялық алшақтығы мен экономикалық инфрақұрылымдарының сәйкес келмеуіне қарамастан, Жапонияның сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі болып қала бермек.

1 Комиссина И.Н. Япония и Центральная Азия: партнерство набирает силу // Центральная Азия и Кавказ. – №2, 1999. – С. 80

2 Усубалиев Э. Политика Японии в странах Центральной Азии в контексте возможного появления нового центра силы // Центральная Азия и Кавказ, №5, 2001. – С.160

3 Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы, 1997. – С. 312

4 Address by Prime Minister Ryutaro Hashimoto to the Japan Association of Corporate Executives// <http://russia.shaps.hawaii.edu>

5 Christopher Len. Japan brings balance to Central Asia // [www.atimes.com/atimes/Japan/HB18Dh03.html](http://www.atimes.com/atimes/Japan/HB18Dh03.html)

6 Japan-Kazakhstan Relations // [www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/index.html](http://www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/index.html)

7 Speech by Mr. Taro Aso, Minister for Foreign Affairs at the Japan National Press Club (Central Asia as a Corridor of Peace and Stability) // [www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html](http://www.mofa.go.jp/region/europe/speech0606.html)

## МУХАЖАНОВА ТОЛҚЫН НҰРАСЫЛОВНА

*тарих ғылымдарының кандидаты*

### ҮІ-Х ҒҒ. ШЫҒЫС ЕУРОПАНЫ БИЛЕГЕН ТҮРКІЛЕР ТАРИХЫНАН

Тақырыптың мақсаты ерте ортағасырларда Еуропаның шығыс бөлігін қоныстанып, алғашқы феодалдық мемлекеттер құрған түркі тайпалары – авар, хазар қағанаттарының саяси белсенділіктері негізінде беделін ашу.

Авар қағанаты өз заманында мықты қаруланған әскери құрылым ретінде үлкен жетістіктерге жеткен түркі тілдес тайпа. Аварлардың өмір сүрген уақыты ҮІ-ҮІІІ ғғ. Панныя жері, астанасы Хринг (Ринг). Аварлардың тарихы жөнінде жазба деректер жеткілікті, әсіресе византиялық, армяндық жазбалардың құндылығы жағынан жоғары деп бағалауға болады. Сонымен қатар археологиялық қазба материалдарының мәліметтері жазба деректерді толықтырып дәйектерімізді дәлелді түрде жеткізуге мүмкіншіліктер береді. Аварлар Баян қағанның тұсында үлкен жетістіктерге жетіп, бірнеше батысеуропалық тайпаларды атап айтқанда гепид, лангобардтармен соғысып Еуропаның как ортасынан ойып тұрып жер алған болатын. Әрине жаугершіл, соғысушы-қиратушы халықты сипаттаушы византиялық жылнамашылар көбінесе оларды қанішер, жауыз, тойымсыз, ашкөз деген сияқты сөздермен бағалап жазғандарын деректерден көп байқаймыз. Дегенмен қазіргі зерттеуші ғалымдар объективті бағалап жатқандарын байқауға болады.

Хазар қағанатына келетін болсақ – олар өз заманында алғашқы феодалдық мемлекет құрған, мықты қаруланған тұрақты әскері бар, үш дінді бір тудың астына біріктіре алған және екі бірдей үлкен астанасын қалыптастырып, араб жаугершілігін еуропаға таралуына тосқауыл болған бірден-бір мемлекет. Хазарлардың тарихы жөнінде жазба деректер мол. Әсіресе араб саяхатшыларының хазарлар туралы мәліметтері өте көп; Ибн Фадлан, әл-Масуди, Ибн Хаукаль т.т. Аварлармен хазарлардың деректері бойынша салыстырғанда басты ерекшелігі осы жерде деп ойлаймын. Яғни мұсылман дінінің таралуына байланысты, экспанциялық барлау саясатына да байланысты араб-парсы жазбалары хазарлардың тарихының түрлі салалары бойынша мәліметтер қалдырған. Дәлірек айтатын болсақ, Хазар қағандығы (650-969 жж.) құрылған, орта ғасырлық мемлекет. Батыс Түрік қағандығында 630 – 651 жылдары дулу мен нушеби тайпалары арасында азамат соғысы жүрді. Нушебилер Орта Азияның бай қалаларына арқа сүйеп, Қытаймен одақтасты. Дулу бастаған жауынгер көшпенділер шығыс түрік ханзадасы Юйгу шадқа сүйенеді. Ал хазарлар нушеби құрамында еді. Осы кезеңде күшейіп алған Таң әулиеті қағандықтың батыс иеліктерін басып алды. Нушебилердің өз арасында да наразылықтар туындап, Қытайды жақтаған Иби – Шегуй ханды қуып жібереді. Дулу тайпасынан шыққан Дулу Хэлу Шаболо хан билікті тартып алған соң, хазарлар іштей бөліне бастады. Хазарлардың алғашқы билеушісі жергілікті билеушілерден емес, тақтан қуылған түрік қағаны болды.

ҮІІ ғасырдың ортасында Түрік қағандығының еуропалық бөлігінде екі тәуелсіз саяси құрылым – Хазарлар мен Бұлғарлар құрылды. Хазар қағандығы өз қуатын арттыру мақсатында көрші тайпаларды, әсіресе, туыстас, бірақ жаулық көхқарастағы бұлғарларды бағындыруға кіріседі. Бұлғарлар жеңіліс тауып, Ботбай басқарған бір бөлігі оларға бағынады.

Дегенмен византиялық жылнамаларда Атилла қайтыс болған кезде Еділдің төменгі сағасында хазарлар тұрған дегенде мәліметтер бар. Олар VI ғасырда Еділ мен Дон өзені аралығы мен Кавказды билеп тұрған болатын. Сол ғасырдың екінші жартысына қарай сібірлерді өздеріне қосып алып, тез күшейе бастады. Атап айтқанда «Феофан Жылнамалары» [1], К.Богрянародныйдың [2] еңбектерінің құндылығы зор.

Хазарлардың көршілерімен болған қарым-қатынасы жөнінде. Сасаниттердің Кавказдың оңтүстігін басып алып, жергілікті тайпаларды өзіне бағындыра бастауынан сескенген хазарлар византиялықтармен одақтасуға мәжбүр болды. Хазарлар 627-628 жылдар арасында кавказдықтарды бағындырды. Сол батыста хазарлардың қолдануына арқа сүйеген Византия армиясы Иранның ішкі өлкелеріне дейін сұғына кіріп, зор жеңістерге жетті.

Хазар қағандығы – Батыс түркі қағандығының, ыдырауынан кейін төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігінде VII ғасырдың ортасында құрылған алғашқы феодалдық мемлекет. Астанасы – Семендер (Дағыстанда). Кейін Итил қаласы болды (Төменгі Еділде). Хазар қағандығы Солтүстік Кавказды, Еуропадан Днепрге дейінгі жерлерді иеленді. Хазарлар – түркі тегінен шыққан халық, олар Шығыс Еуропада IV ғасырдағы хундар заманында пайда болды. VI ғасырда хазарлар Бірінші (Батыс) Түркі қағандығының құрамына кірді, олар түркі тілінде сөйледі. Ол туралы Орхон-Енисей жазуларында айтылады. Хазар тілі Бұлғар және чуваш тілдерімен тығыз байланыста.

Хазар қағандығы 735 жылы Кавказдың арғы бетінде арабтардан жеңілді. VIII ғасырдың басында Византияның әсерінен хазарларға христиан діні тарала бастады. Арабтар ислам дінін, Византия христиан дінін енгізуге тырысты. VIII ғасырдың бірінші жартысында (731 ж.) Солтүстік Дағыстандағы хазарлардың бір тобы иуда дінін қабылдады. VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың басында хазарлар ұрпағы – Обадия Хазар қағандығын басқарды да, өздерінің мемлекеттік дінін иуда деп жариялады. Бірақ осы кезде хазарлар мұсылман мәдениетінің шекаралық облыстары Хорезммен көрші еді. Ал хазарлар хорезмдіктерге қарсы 764 жылы Кавказдың мұсылман облыстарына жорық жасады.

Хазар елі тікелей халифатпен, олардың бас қаласы Итил мұсылман елімен шекаралас болды.

Орыстардың Еділ бассейніне қол сұғуынан бұрын Хазарлар шығыс славян әлеміне шабуылдап өткен еді. (біз IX ғасырдың екінші жартысында бірнеше славян халқы хазар қағанына салық төлегенін орыс шежірелері арқылы білеміз.) Хазарлар солтүстікке тереңдеп енген бұл кезде орыстар әлі нормандар деп аталатын. Орыстар швед тілінде сөйлеген кезде солтүстік Новгородқа жақын жерде тұрған орыс князі қаған шенін иемденгені де тарихтан белгілі. Кейіннен орыс патшасының өз туыстарына, балаларына неміс сөзінен шыққан «князь» термині жиі қосылып, тұрмыста қолданылып кетті.

IX ғасырда Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі аймақ орыстар құрған мемлекет болды. Орыстар хазар хандығынан бірнеше рет соққы жеді. Орыстар 910-915 жылдары Камадая Каспий теңізіне, Хазарға Святослав шапқыншыларын жіберген кезде оларды хазарлар жойып жібергені де тарихтан белгілі.

Мұсылмандар дерегі бойынша орыстардың 943-944 жылдары жасаған шапқыншылығы кезінде Кавказ мұсылмандарының бас қаласы – Бердьево, сондай-ақ хазарлар қоныстанған жерлер тонауға түсіп, қиратылған. Святославтың үшінші жорығы 965 жылы Хазар қағандығына қарсы бағытталды. Бұдан соң бірнеше жыл бойы хазарлар Дағыстанға шектескен жерімен қоса орыстардың қол астында болды. Бірақ көп уақыт өтпей-ақ орыстар өзі жаулап алған жерді тастап кетті де, кейін Хазар қағандығы қайта қалпына келді. Ресей үшін Бұл сәтті кетіс болды. Егер Святослав Итилде қалып қойған болса, онда орыстар мұсылман әсеріне еріксіз тап болар еді.

Бұл оқиғаның барысын түсіну үшін сол князь Святославтың басқа жерлердегі әрекетіне назар аудару керек. Оның нормандарға және Батыс Еуропаға жасаған жорықтары алғашында тонаушылық сипатқа ие болды. Орыстардың Каспий теңізіндегі алғашқы қимылдары да осылай болатын.

964-965 жылдары орыс князі Святослав Игоревич Еділге жорық жасап, Хазар қағандығын талқандады.

Хазар қағандығы X ғасырда түгелімен ислам дініне кірді.

Ішкі қайшылықтары мен көшпелі халықтардың шабуылынан талқандалған Хазар қағандығы XI ғасырдың басында өмір сүруден біржола қалды.

Хазар мемлекетінің құлауына орыстардың жеңісінен басқа мынадай себептер өсер етті: түркі тайпаларының арасында «кундар» немесе «қайилар» деп аталатын түркілердің сонау шығыстағы бір бұтағы осы аласапыран жылжулар кезінде Сырдарияның төменгі ағысындағы ғұздардың иеліктеріне бірінші болып бас сұққан болатын. Осыдан бұрынырақта ғұздардың жартысы ислам дінін қабылдап, екінші жартысымен қырқысып жатқан. Осы қырқысудың арқасында ғұз немесе түрікпен халқының жартысы парсы еліне қоныс аударған. Олар барып алдыңғы Азияда Селжуктар империясын құрды. Ғұздардың екінші жартысының ұрыс салып батысқа қарай жылжуы Хазар хандығының құлауын тездетті. Хазарлар туралы соңғы деректі араб тарихшысы Ибн әл-Асирдің жазын, курдтардың қолбасшысы Фазлун 1030 жылы хазарларға жорық жасағаны туралы баяндайды.

Хазарлар хандығы VII-IX ғасырлар арасында үздіксіз өсіп ұлғая берді, хандықтың шығыс шекарасы Жайық (Орал) өзенінен бастап, батысқа Дон өзеніне дейін, ал солтүстікте Мәскеу маңынан, оңтүстіктегі Аралға дейін созылып жатты. Бұл аумақтың ішінде Бұлғарлар, мажарлар, толып жатқан фин қауымдары, славяндар, кавказдық құрама халықтар т.б. тайпалар аралас-құралас тіршілік етті. Сонысына қарамай, сол бір заманда аталмыш ұлан-байтақ өңірде біршама тыныштық, жайлы өмір сүру мүмкіндігі жасалған болатын.

Хазарлар хандығының құлауы. IX ғасырдың екінші жартысында Еділден өтіп шабуылдай кірген печенегтер хазарлардың апшысын қуырып, сарсануа түсірді. Хазарлардың күн көріс көзі болған сауда-саттық ісі тығырыққа тірелді. Ақыры X ғасырдың соңын ала хазарлардың туы жығылып күйреді. Қолда бар дерек көздерінде келтірілген мәліметтер тым аз болғандықтан нақтылы қай жылы Хазар теңізі (Каспий) деп аталғаны белгісіз. Бұл да сол хазар халқының атынан қалған бір белгі еді.

Хазар халқы мен хазар мемлекеті VII ғасырдан X ғасырға дейін Еділдің төменгі сағасында өмір сүрді. Бұл батыл әрі жауынгер тайпа болды. Хазарлар елі Қара теңізден Каспий теңізіне дейінгі аумақты алып жатты. Хазарлар түріктер болды және алғашқы уақытта олар Батыс түрік қағанатының құрамына енді. Кейін олардың қарауынан шығып, олар өз елдерін құрды.

Хазарлар Еуразияда араб экспансиясымен түйісіп қалған бірінші мемлекет болды. Кавказда 642 жылы арабтармен бірінші шайқас өтті. Бірінші соғыс кезінде арабтардың әскербасы мерт болып, хазарлар жеңіп кетеді. Шайқас Баланжир деген жерде өтеді, бұл хазар ханының ордасы тұрған жер еді. Кейінірек хазарлар ордасы орын ауыстырып Самандарға көшеді, содан кейін Еділ (Итель) бойына қоныстанады.

Арабтар мен хазарлардың екінші соғысы 772-773 жылдары болады, бұл жерде хазарлардың жолы болмай, олар жеңіліс табады.

IX ғасырдағы орыс жылнамаларында Днепр бойындағы тайпалар хазарларға сансыз ақ терілермен немесе қарулармен, қылыштармен алым-салық төледі делінген, ал X ғасырда сол алым-салық олардан ақшалай алынған.

Исламдық (арабтық) жазбаларда хазарлар тамаша егіншілер және шебер балықшылар деп айтылады. Соларда хазарлар жері кең және су қоймаларына бай, әсіресе қыста судың молдығы соншалықты, балық пен жануарларға бай сансыз көлдер пайда болады. Сол көлдердегі балықтар семіз болып келіп, оларды хазарлар өз майына қуырады. Су тартылған көктем мен жазда хазарлар астық себеді. Сөйтіп, бір жерден хазарлар екі өнім: қыста – балық, жазда – бидай жинады.

Кезінде хазарлар мұсылмандықты қалай қабылдағаны туралы тамаша аңыз бар. Өз халқына мұсылмандықтың, христиандықтың және иудаизмнің бірін таңдап алу үшін хазар қағаны өзіне үш ірі дінің өкілдерін шақырады. Қаған христиандық және иудейді тыңдап болған соң, өз құлағын исламды уағыздаушы Фараби ибн Қораға тосады және одан осы қарсаңда көрген түсін жорып беруді сұрайды. Бұл түсінде оған періштелер келіп, хазарлар қағанның істі жүргізуіне наразылығын білдіреді. Сонда Фараби ибн Қора: «Сіздің түсіңізде періште санадан әлде ашылудан көрінді ме? Әлде ол сізге алма ағашы түрінде, әлде басқа түрде келді ме?» – деп сұрайды. Қаған періште оған бірінші (сана) адамнан да, екіншісінен де (ашылу) және үшіншісінен де (алма ағаш түрінде) келген жок дейді. Содан кейін Фараби ибн Қора қағанға: «Әрине, періште біріншісі де, екіншісі де және үшіншісі де болған жок. Мәселе оның мүлдем басқа періште болғанында. Бұл Адам Рухының періштесі. Сіз өзіңіздің серіктестеріңізбен соған дейін көтерілгіңіз келеді. Бұл сіздің игі ниетіңіз және бұл жақсы. Бірақ сіз бәріне тек түсіңізде көретін Адамды теңестіргіңіз келеді, оны шын адам жасамақ боласыз, оны кітапқа жазғандай етіп жазып алғыңыз келеді. Бұл сіздің қылығыңыз және бұл дұрыс емес. Мәселе сізде қасиетті кітап\ Құранның\ жоқтығында», ал сіз осының өзінде өз кітабыңызды

жасағыңыз келеді, Қасиетті кітап бізге жоғарыдан сыйланған, оны сіз біздерден алыңыз, бәрімен біздермен бөлісіңіз, бәрінде, істе де, ниеттеріңізде бізбен бірге болыңыз және өз кітабыңызды өзіңіз құшақтап, халықтың исламды қабылдағаны туралы жарлық шығаруға бұйырыпты мыс.

Хазарлардың қалалары туралы араб саяхатшылары мен орыс жылнамаларында өте жақсы келтірілген. Айталық, ірі қалалары бар, сауда-саттық жақсы дамыған мемлекет деп

Итиль – ортағасырлық қаласын ерекше атаған. Хазар қағанатының VIII – X ғасырлардағы қаланың астанасы. Еділдің төменгі сағасында, осы күнгі Астрахан қаласынан 15 км. жерде орналасқан. Хазар тарихын зерттеуші М.И. Артамонов қалаға байланысты деректерді жинастырып, жүйеге түсірді [3]. Себебі осы зерттеуші бірнеше жылдар бойы осы қалаға қазба жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде «Хазар тарихы» деген кешенді ғылыми еңбек туындады. Бұл Артамоновтың ерең еңбегі деп білем, хазар тарихы үшін. Әрине одан кейін де бірнеше орыс ғалымдары қалам тартып хазар тарихы жөнінде С.А. Плетнева [4], А.П.Новосельцевтар [5] зерттеп еңбектерін жазды. Хазарлардың арабтармен соғысы кезіндегі ұстанған тактикалары мен соғыс өнері жайында И.Г. Семенова зерттеген болатын [6]. Дегенмен М.И. Артамоновтың зерттеуі алғашқы және кешенді зерттеу деп қазіргі күнде өзектілігін жоғалтпаған зерттеу деп бағалар едім. Ия шет ел ғалымдары да хазар тарихын зерттеуде В.П. Голденнің [7], К.А. Бруктың [8] еңбектерін атауға болады. Итиль атауы Еділ өзені атымен тікелей байланысты. Қаланың аумағы өзеннің екі жағасын және ортадағы кішігірім аралды алып жатқан. Ол туралы бірнеше ортағасырлық жазба деректерде құнды мәліметтер сақталған. Хазар қағаны Иосиф Испаниядағы бір лауазымды адамға жазған хатында үш қаласы бар екенін, біреуінде өзі тұратынын айтып өтеді. Әбул-Қасым ибн Хаукал мұнда екі негізгі бөлік бар екенін айта келе, оларды Итиль және Хазарен деп ажыратады. М.И.Артамоновтың пікірі бойынша, қала үш жерде орналасқанымен, негізінен, екіге бөлінген және ол екеуінің өз атаулары болған. Бұлар IX ғасырда Ханбалық және Сарашен деп аталса, X ғасырда Итиль және Хазарен атауларына ие болған. Деректер Итиль өте маңызды, бай, мәдениетті шаһар болғанын дәлелдейді. Онда бірнеше халық өкілдері өмір сүрген. Олардың негізгілері – арасынан қаған әулеті шыққан түркі тілдес хазарлар және басқа түркілер, славяндар, еврейлер. Халықтың басым көпшілігі мұсылман дінін ұстанған. Ибн Хаукал мұсылман дініндегілердің саны 10 мың адам дейді [9]. Басқа тұрғындар христиандар мен иудейлер. Қаладағы 30-ға жуық мешіттің көбінде ислам қағидаларын үйрететін оқу орындары болған. Сондай-ақ, басқа діндердің мінәжат орындары, моншалар, базарлар болған. Екі жағалау мен арал аралығында кемелер мен қайықтар жүзген. Хазарлар, олардың ішінде қаған мен оның әулеті қаланың батыс бөлігін қоныстанған да, шығыс жағында қарапайым тұрғындар, қолөнершілер, саудагерлер тұрған. Итиль тұрғындары егіншілікті, балық аулауды жақсы игерген. Тіпті сыртқы айналымға шығатын тауарлардың маңызды бір бөлігін балық желімі құраған. Мал шаруашылығымен шұғылданған. Баспаналардың негізгі түрлері – жеркепелер, ағаш тіреулі үйлер мен киіз үйлер, ал қалған сарайлары күйдірілген кірпіштен салынған. Итиль тұрғындары қаған бастап жазда жайлауға, қала сыртына шығып, күзде қайтып отыруды дәстүрге айналдырған. Хазарлар мен Киев Русінің арасындағы қақтығыстар 965 жылы князь Святослав шапқыншылығы кезінде қаланың қирауына әкеп соқты.

1. Феофан Летопись. М., 1980 ж.
2. К.Богрянородный «Об управлении империей» М., 1991 г.
3. Артамонов М.И. История хазар. — СПб., 2001. — С.182-183,186; Новосельцев А. П. Хазарское государство и его роль в истории Восточной Европы и Кавказа. — М.,1990.
4. Бердібай Р. Түбі бір түрікпіз. Астана, 2002.
5. Плетнева С. А. Хазары. — М., 1976. — С. 68
6. Новосельцев А. П. Хазарское государство и его роль в истории Восточной Европы и Кавказа. — М., 1990.
7. Семёнов И. Г. Военная тактика хазарской армии в период войны против Арабского халифата в 706—737 годы // Материалы XVII международной ежегодной конференции по иудаике. Вып. 31. Т.2. — М., 2010. — С. 7-15.
8. B. Golden. Khazar studies: achievements and perspectives // The World of the Khazars: New Perspectives. Brill, 2007. — P. 7.
9. K. A. Brook. The Jews of Khazaria. 2nd ed. Rowman & Littlefield Publishers, Inc, 2006. — P.111
10. Erdal M. The Khazar Language // The World of the Khazars: New Perspectives. Brill, 2007. — P. 75-107, русский перевод Эрдаль М. Хазарский язык // М. 2005. — С. 125—139;